

Әлқожаева Н.С.¹, Хусейн Хусну Бахар², Абдраманова Н.Ш.³

¹педагогика ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nalgozhaeva@mail.ru

²Эрзинджан Бинали Йылдырым университетінің білім беру факультетінің профессоры, доктор, Түркия, Эрзинджан қ., e-mail: hhbahar@gmail.com

³PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail:nursulu_-_85@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫҢДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНА САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Білім берудегі жаңа реформалардың қажеттілігі – жеке адамға жаңа талаптар қоятын, бірақ білім беру жүйесінде толыққанды көрініс таппайтын қоғамдық өмірдің түбегейлі өзгерістерінен туындап отырғандығына мән берілді. Білім беру жүйесіндегі трансформация, әлеуметтік-экономикалық шындық пен жеке тұлғаның қажеттіліктері арасында неғұрлым толық сәйкестікке қол жеткізу ниеті – сапалы білім беру қызметтерінің қажеттілігін қамтамасыз етудің басты көзі болып табылады.

Бұл мақалада жұмыстың нәтижелері бойынша ҚР-дың жоғары білім беру сапасын бағалау әдістеріне теориялық талдау жасалынып, білім беру сапасын бағалаудың отандық жүйесін жетілдіруге және оның салыстырмалылығына, халықаралық деңгейде мойындауға ықпал ететін аккредиттеу жүйесінің тұжырымдамалық моделін әзірлеу қажеттілігіне сараптамалық баға берілді. Мақалада Қазақстан мен шетелдік ЖОО сапа мәселесіне сараптама жасауға тырыстық. Сонымен қатар соңғы онжылдықта сапа мәселелері жоғары білімге қатысты пікірталастарды қарастырдық.

Абай атындағы ҚазҰПУ, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, М. Әуезов атындағы ОҚМУ.

Түйін сөздер: жоғары білім беру, білім беру қызметтері, білім сапасы, құзіреттілік, ЖОО аккредитациясы, сараптамалық бағалау.

Alkozhaeva N.S.¹, Hussein Husnu Bahar², Abdramanova N.Sh.³

¹Professor of the Department of Pedagogy, Pedagogy and Management of Education, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru

²Professor of the Faculty of Education, University Binali Yildirim, Turkey, Erzincan, e-mail: hhbahar@gmail.com

³PhD doctoral student specialty pedagogy and psychology, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nursulu_-_85@mail.ru

Expert Analysis of the Quality of Education of Higher Educational Institutions

The need for new reforms in education is caused by fundamental changes in public life, which impose new requirements on the individual, but do not find full reflection in the system of education. Modernization of the education system, the desire to achieve a more complete correspondence between the socio-economic reality and the needs of the individual are the main source of ensuring the need for quality educational services.

The article presents an analysis of modern methods of assessing the quality of higher education in Kazakhstan, the need to develop a conceptual model of the accreditation system, contributing to the improvement of the domestic system of assessing the quality of education and its comparability and recognition at the international level. The article analyzes the problems of quality of education in Kazakhstan and foreign universities. In addition, the spectrum of analysis of the authors included different points of view on the quality of higher education over the past decade. The survey was attended by 40 experts from 4 leading universities of Kazakhstan: Abay KazNPU, E. Buketov KSU, M. Auevov SKSU, S. Amanzholov EK SU. On the basis of the analysis of results tendencies of development of an assessment of quality of the higher education are generalized.

Key words. Higher education, educational services, quality of education, professional competencies, accreditation of HEE, expert assessment.

Әлқожаева Н.С.¹, Хусейн Хусну Бахар², Абдраманова Н.Ш.³

¹профессор кафедры педагогики и менеджмента образования, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru

²профессор факультета образования, Университет имени Бинали Иылдырым, Казахстан, г. Эрзинджан, e-mail: hhbahar@gmail.com

³PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nursulu_-_85@mail.ru

Экспертный анализ качества образования высших учебных заведений

Необходимость новых реформ в образовании вызвана кардинальными изменениями общественной жизни, которые предъявляют новые требования к личности, но не находят полноценного отражения в системе образования. Модернизация системы образования, желание достичь более полного соответствия между социально-экономической реальностью и потребностями личности являются главным источником обеспечения потребности в качественных образовательных услугах.

В статье представлен анализ современных методов оценки качества высшего образования РК, обоснована необходимость разработки концептуальной модели системы аккредитации, способствующей совершенствованию отечественной системы оценки качества образования и ее сопоставимости и признанию на международном уровне. В статье проанализированы проблемы качества образования казахстанских и зарубежных вузов. Кроме того, в спектр анализа авторов вошли разные точки зрения по вопросам качества высшего образования за последнее десятилетие. В анкетировании приняли участие 40 экспертов из ведущих 4 вузов Казахстана: КазНПУ им. Абая, КарГУ им. Е.Букетова, ЮКГУ им. М.Ауэзова, ВКГУ им. С.Аманжолова. На основе анализа результатов обобщены тенденции развития оценки качества высшего образования.

Ключевые слова: высшее образование, образовательные услуги, качество образования, профессиональные компетенции, аккредитация вузов, экспертная оценка.

Кіріспе

Ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі» атты баяндамасында келесідей тұжырымдамаға келді: «білім ғылымды қажет ететін экономиканы құрудың негізгі құралы ретінде қалыптасатын, білім беру жүйесінің жаңа сападағы барлық деңгейлеріне бағдарлануы тиіс. Білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде заманауи педагогикалық кадрларды даярлау процесін айтуға болады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, олардың кәсіби өсуі үшін ынталандыру және қоғамдағы мұғалім мамандығының беделін көтеру бойынша кешенді шаралар қабылдау жолындамыз [1].

Соңғы онжылдықта сапа мәселелері жоғары білімге қатысты пікірталастарда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Білім беруді реформалаудың қажеттілігі – қоғамға жаңа талаптар қояды, өйткені ол білім беру жүйесінде толыққанды көрініс таппайтын қоғамдық өмірдің түбегейлі өзгерістерінен туындап отыр. Білім беру жүйесіндегі трансформация, әлеуметтік-экономикалық шындық пен жеке тұлғаның қажеттіліктеріне неғұрлым толық

сәйкестікке қол жеткізу ниеті – сапалы білім беру қызметтерінің қажеттілігін қамтамасыз етудің басты көзі болып табылады. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ережелерінен көрініс тауып отыр.

Қазақстандық кәсіптік білім беру жүйесін жаңарту процесін детерминациялайтын маңызды фактор – білім беру сапасының түсінігі мен параметрлерін анықтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Осы орайда сапалы білім берудің қазіргі заманғы үлгілерін әзірлеудің негізгі идеясы Қазақстанның бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігіне кіруіне бағдарланумен байланысты екенін айта кету қажет. ЮНЕСКО шешімімен 1998 жылы қабылданған «XXI ғасырдың жоғары білімі» Дүниежүзілік декларациясының анықтауы бойынша: «жоғары білім беру саласындағы сапа – барлық функциялар мен қызмет түрлерін қамтитын көп өлшемді тұжырымдама» болып табылады. Болон декларациясының негізінде жарияланған жоғары білім берудің еуропалық жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған құжаттар: реформалаудың басты мақсаттарының бірі проблеманың жаһандық сипаты мен оны жаңғырту үдерістерінің қайтымсыз екендігін дәлелдейді.

Білім беруді жаңғырту мен реформалаудың нәтижесінде білім беру орындары сапалы түрде өзгертін болады, сонымен қатар, реформалардың нәтижесінде ЖОО-лардың мемлекетпен байланысының сипаты өзгертін болады, инновациялық қызмет күшейтіледі, сонымен қатар келешекте жоғары оқу орындарында білім беруді әртараптандыру жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймыз. Болондық бағдарламаға сәйкес жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жауапкершілігі, ең алдымен, жоғары оқу орындарының өздеріне жүктелетін болады. Осылайша, келешекте ЖОО-ның кәсіптік білім беру сапасына қатысты нақты жауапкершілікті қамтамасыз ететін база құрылатын болады. Бұл әрбір жоғары оқу орнының жауапты түрде сапаны жоспарлауды, сапаны басқаруды, сапаны қамтамасыз етуді және жақсартуды, оны тиянақты бағалауды қамтитын білім берудің жоғары сапасына кепілдік беретін тетіктерді жүзеге асыру қажеттілігін талап етеді. Осылайша барлық ЖОО-лар сапаны жоғары дәрежеде ұстап отыратын деңгейге жетеді. Өйткені, сапаны бағалау процесі – ЖОО-дағы маңызды компоненттердің бірі болып табылады.

Мақсаты: ғылыми-теориялық бағытта ұлттық ЖОО-да кәсіби білім беру сапасын бағалау жүйесін әзірлеу, оның тұжырымдамалық негізін анықтау, сонымен қатар, сапаны бағалаудың моделі мен технологиясын ұсыну болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында келесі әдістер қолданылатын болады: ғылыми жарияланымдар мен нормативтік құжаттарды аналитикалық-синтетикалық қарастыру; ұғымдарды талдаудың логикалық әдістері (интерпретация, салыстыру, операциялық анықтау, нақтылау, жалпылау, идеализация және экстраполяция, талдау, синтездеу, және т.б.); теориялық түсініктер жүйесін мақсатты құрастыра білу әдістері, аналогиялық әдістер, модельдеу әдісі.

Әдебиетке шолу

Кәсіби кадрларды даярлау процесінде қайта құру қажеттілігін туындатқан негізгі себеп ретінде экономиканың жалпы әлемдік үрдістерін атауға болады. Кәсіптік кадрларды даярлау жүйесінде қайта ұйымдастыру қажеттілігін туындатқан негізгі себептердің қатарына: дамыған елдердің экономикасындағы жаһандық

өзгерістер, жаңа ақпараттық технологиялар негізінде өндірістің серпінді дамуы; экономиканың дамуындағы ғылымның жетекші рөлі, жоғары білікті жас мамандарға деген ғылыми қажеттіліктің өсуі; ғылыми зерттеулерді жүргізу қабілетінен бөлек құзыреттіліктердің тұтас кешені; дербес компьютерде жұмыс істей білу мүмкіндігі, бірнеше шет тілдерін білу, маркетинг негіздерін меңгеру, психологиялық, соның ішінде конфликтологиялық әдістемелерді және менеджерлік дағдыларды меңгеру жатады.

Мәселені қарастыру барысында біз жоғары оқу орындарында кәсіптік білім беру сапасын бағалаудың психологиялық-педагогикалық аспектісін бағалау қызметіне енгізудің психологиялық тетіктерді жүзеге асыру, сонымен қатар олардың іс-әрекетін ұйымдастыру және педагогикалық шаралар арқылы өзектендіру тұрғысынан қарастыратын боламыз.

Мәселеге қатысты көптеген шетелдік отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды. Соның ішінде Н. Бакшаева, А. Вербицкий, N.C. Dalkey & O. Helmer, P. Желвис, Б.Г. Ананьев, А.В. Куликов, К.К. Платонов, Б.И. Адацкина, М.И. Дьяченко, Л.А. Кандилович, Д. Хопкинс және т.б.

Мысалы, Желвис Р. «...болжамымыз жаһандану – ұлттық мемлекеттердегі білім беру реформаларының ұқсас тенденцияларын қолдануын анықтайды» [2] (Желвис, 2018), деген пікірі кешегі посткеңестік мемлекеттердің білім беру жүйесі мен білім сапасын басқаруда ерекшеліктеріне қарағанда ұқсастықтары басым екенін айтып өтеді. Білім беру сапасын бағалаудың қазіргі заманғы үрдістерін зерттеу аспектісінде Дельфи, сыни технологиялар, сценарийлерді әзірлеу, технологиялық жол картасы және сараптамалық панельдерді қалыптастыру сияқты сараптамалық әдістерді пайдаланудың маңыздылығын атап өткен N.C. Dalkey & O. Helmer-Hirschberg жұмыстарын атап өткен жөн [3].

Отандық зерттеушілерден Ш.М. Каланова, А.К. Құсайынов, Г.С. Минажева, Н.А. Асанов, Ғ.М. Мутанов, А.К. Томилин, Ю.Е. Кукина, Ж.С. Тоимбаева және т.б. білім сапасына қатысты әртүрлі аспектіде зерттеулер жүргізген. Қазақстандық ғалымдар «білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау сыни өзін-өзі талдау, білім берудің нақты сапасын жақсартуға ықпал етеді, ЖОО-ның қысқа мерзімді және перспективалық жоспарларына көшірілуі тиіс университеттің миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін міндетті түрде тұжырымдауды көздейді» [3].

Сонымен қатар, осы сала мамандарының да еңбектері қарастырылды, айталық, Т.Ж. Ынтымақов, Қ.Э. Баимбетова, Т.Н. Сқабаевалар оқу жетістіктеріне салыстырмалы талдаулар жасаған. Олардың пікірінше, ОЖСБ әр түрлі кесінділер бойынша мемлекеттік мониторинг жүргізуге, соның нәтижесі арқылы еліміздегі ЖОО-лар көрсетіп отырған білім сапасын бағалауға, рейтингті анықтауға мүмкіндік береді деуге болады. Бұл өз кезегінде ЖОО-ларды сапалы білім беруге ынталандыратындығы сөзсіз. Осы мониторингтің нәтижесі Қазақстан азаматтарына ЖОО-лардың көрсетіп отырған білім сапасына және профессор-оқытушылардың білім беру деңгейіне мән бере отырып, болашақ оқу орнын, мамандығын дұрыс таңдауына жол ашады [3]. Сондықтан жыл сайын ОЖСБ нәтижесі негізінде ЖОО мамандықтар арасында мониторинг өткізу білім сапасы деңгейін жоғарылатуда, бәсекелестікті қалыптастыруда өз септігін тигізеді деген ойдамыз.

ОЖСБ-ның негізгі мақсаттары бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасын беру және меңгеру деңгейін анықтаса да, қазіргі уақытта, қоғамдық пікір түлектердің тестілеуі ЖОО-да білім мен оқыту деңгейінің көрсеткіші болып табылмайтынын атап көрсетеді. 2020 жылдан бастап ОЖСБ жүйесін атап өту жоспарлануда.

Субъектінің білім беру сапасын бағалау екі негізгі фактормен жүзеге асырылады: біріншісі бағалау объектісіне зерттеу қызығушылығының болуымен, екіншісі оны тәжірибеде қолдану үшін мүмкіндіктер мен шектеулердің болуымен түсіндіріледі. Сапаны бағалауға қатысу туралы ерікті шешім қабылдау кезеңінде бағалаудың уәждемелік компоненті барынша жоғары деңгейде көрінетінін атап өткен жөн. Бұл компонент бағалау процесі мен бағалау қызметін ұйымдастыруда маңызды мәнге ие.

Психологияда қажеттіліктің мәнін келесідей қарастырылады: «өзінің өмір сүруін қажет ететін тірі ағзаның жағдайы, сонымен қатар өз шегінен тыс дүниеге деген қажеттілік» [4, 82 б.]. Мұндай жағдай кез келген жеке тұлғаның белсенділігінің қайнар көзі болып табылғанмен, ең маңызды рөлді бәрібір де белсенділік сипаты анықтайды. Сол себепті де, біздің пікірімізше, қажеттіліктің айқын емес түрі тек зерттеуге қызығушылығын тудыруы мүмкін. Осылайша кез келген қызметтің стимуляторы болатын қажеттілік адамның белсенді әрекетімен байланысты болады. Психологияда «анықталған» қажеттілік – көбінесе мотив ретінде түсіндіріледі. Өйткені, мотив

сыртқы материалдық объект болып табылмайды, ол керісінше ойдың құрамы ретінде қарастырылады.

ЖОО-ның ішкі сапаны бағалау кезінде – «бағалау қызметі» қатысушылардың көпшілігінің негізгі қызметтері үстінен қосымша табысталады. Бұл бағалауға тиімділікті қалыптастыру үшін және қатысушылардың уәждемесін арттыру мақсатында жасалынатын процесс болып табылады. Қатысушылардың уәждемесін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарында бағалау қызметіне дайындық үшін жағдай жасау және бағалау процесінде консультациялық сүйемелдеу қажет екенін атап өту керек.

Кез келген іс-әрекет бір ғана себеппен емес, керісінше күрделі үйлесімі бар себептермен түсіндіріледі. Сондықтан да кез келген қызметте мотивті екі түрге ажыратып жатады: жетекші мотив (**мағынаны қалыптастыру функциясын** орындайды) және бағынышты мотивтер (ынталандырушы функциясын орындайды). Кез келген қызметтердің қалыптасуы үшін мотивтер жүйе құраушы компоненттердің бірі болып табылады. Осы орайда, В.Д. Шадриковтың пікірінше, мақсаттың екі аспектісін бөліп көрсетуге болады:

- мінсіз немесе ақыл арқылы нәтижеге қол жеткізу;
- адам қол жеткізгісі келетін жетістіктер деңгейі.

Бағалау мақсатының нәтижесінде негізгі объект туралы ақпарат алуға болады. Адам өзінің бағалау қызметіне дайындығына сенімді болмаса да (әсіресе өзін-өзі бағалау жағдайында), ол қандай да бір ақпараттарға ие болу мүмкіндігін алады. Мақсаттың екінші аспектісі анағұрлым өнімді болып табылады, өйткені бұл аспект адамның өзін-өзі дамытуына қатысты әлеуеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қажеттіліктер мен мотивтер субъектіні тек нысанды меңгеру бойынша ғана емес, сонымен қатар оны болдырмау бойынша қажетті әрекетке итермелеуі мүмкін. Екінші жағдайда объектінің теріс валенттілігі бар екенін айтуға болады. Объектіні игеруге ұмтылу оның оң валенттілігі бар екенін көрсетеді. Теріс валенттілік, көбінесе, объекіден шыққан өмірге, денсаулыққа қауіп төндірумен, жағымсыз сезімдерді бастан кешірумен, әлеуметтік мәртебені төмендетумен байланысты. Осыған байланысты ЖОО-да бағалау процесін жүзеге асыру үшін жағымды эмоционалдық фонды қамтамасыз ету, бағалау субъектілеріне жеке тұлғаны дамыту, білім

сапасын арттыру, кәсіби құзыреттіліктерді ие болу тұрғысынан алға жылжу мүмкіндігін көрсету аса маңызды. Аталғандардың соңғысы қиындықтарды уақытылы түзету үшін жетістіктерді бағалауда және табысқа байланысты оң эмоцияларды бастан кешуде қажеттіліктің туындауын болжауға мүмкіндік береді.

Республиканың білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі тәуелсіз сыртқы бағалаудың барлық элементтерін (лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, Ұлттық бірыңғай тестілеу, аралық мемлекеттік бақылау, талапкерлерді кешенді тестілеу) қамтиды.

Қазақстан Республикасының білім сапасының сыртқы қамтамасыз ету бойынша халықаралық аккредитациялауға серпінді көшуіне қарамастан, аталған прогреске белсенді кедергі келтіретін орталықтандырылған басқару элементтері бар. «Білім сапасын жетілдіру кепілдігінің ішкі институционалдық басқармасының аккредиттеу жүйесі жеткілікті түрде дамымаған. Қысқа уақыттың ішінде екі Ұлттық агенттіктің ресми аккредитациясынан өткен мемлекеттік бағдарламалар мен оқу орындарының көп саны Қазақстанда тәжірибесі бар оқытушылардың шектеулі санын ескере отырып, процестің мұқият болуына қатысты алаңдаушылық туғызады» (2017:76) [5]. *Десе де, Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім сапасы жүйесіндегі негізгі міндеттерді:*

- білім беру сапасын қамтамасыз ету және бағалау жүйесінің индикаторларын анықтау;
- ЖОО көрсететін сапасын қамтамасыз ететін басқарманы құру;
- білім беру қызметтерін қалыптастыру;
- интерактивті құралдарды қолданудың жаңа әдістемесі мен технологиясын әзірлеу;
- оқыту әдістері мен құралдары;
- білім және ғылым салаларындағы интеграциялық процестерді жандандыру;
- білім сапасын қамтамасыз ету және білім беру құрылымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мәдениет пен өндірісті дамыту, атап өтуге болады.

Біздің пікірімізше, бағалаудың негізгі функциясы жүйенің қолма-қол жағдайын тіркеп қана қоймай, оның сапасын жақсарту стратегиясын анықтау. Бұл ретте жоғары оқу орындарына бағалау нәтижелері үнемі өзін-өзі жетілдіру үшін негіз ретінде пайдаланылғанын түсіну маңызды.

Тоимбаеваның пікірі Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында аккредитациялау агенттіктерінің тізіміне сегіз агенттік кіреді:

регламенттері халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бес қазақстандық және үш шетелдік агенттіктер. Әзірге қазақстандық және шетелдік аккредиттеу агенттіктері арасында бәсекелестік орта құрыла қойған жоқ. Осыған байланысты алдағы уақытта еуропалық және азиялық орталықтарда танылған аккредиттеу агенттіктерінің желісін кеңейту бөлігі бойынша түзетулер енгізілетін болады. Аталмыш түзетулер қолданыстағы аккредиттеу институтын жетілдіруге үлкен мүмкіндіктер беретін болады.

Тоимбаеваның пікірі бойынша (2010: 8) [6], жоғары оқу орнының қызметін жақсарту үдерісі ретінде ТҚМ қарастыруға болады. ТҚМ кейбір принциптері:

- Мақсатты айқындау;
- Инспекцияны және сапаны бақылауды статистикалық басқару әдістерімен алмастыру;
- Факультеттердің, кафедралардың және т.б. нәтижелердің спецификасын есепке ала отырып қорытынды жасау;
- Кадрларды оқытудың тұрақты процесін енгізу;
- Басқару деңгейлеріне кедергі болмайтын корпоративтік мәдениетті құру.

Лицензиялау және аккредиттеу жүйесі бүгінгі таңда қазақстандық университеттер шешетін заманауи сын-қатерлерге сәйкес келмейді. Көбінесе, **формальды рәсімдерге қатысатын сарапшылар** осы міндет үшін тар «қайралған». **Сараптама сапасын, оның объективтілігін арттыру** қажет, біздің ойымызша, ең маңыздысы – тұрақты мониторинг. Университеттерді ақпараттық кеңістікте қалыптастыратын есептер бойынша, олар өздерін білдіретінін айтуға болады.

Зерттеу тақырыбына байланысты проблемаларды зерттеуге интегративті көзқарас маңызды әдіснамалық құрал болды, өйткені ол әр түрлі ғылым жетістіктерінің нәтижелерін (педагогика, психология, әлеуметтану, әлеуметтік антропология, философия, құқықтану) пайдалануға мүмкіндік бере алатын әдіс болып табылады. Зерттеудің эмпирикалық базасы сараптамалық сауалнаманы құрады. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен шынайылығы заманауи ғылыми әдіснаманы пайдаланумен, зерттеудің барабар әдістері мен тәсілдерін қолданумен расталады.

N.C.Dalkey, O.Helmer (1962: 469) [7] Дельфи әдісін әзірлеген болатын. Дельфи әдісі – сараптамалық болжамдау кезінде неғұрлым қатаң процедураны жасауға алғашқы талпыныстарға мүмкіндік береді. Дельфи-

сауалнамаларды жүйелі түрде өткізуге, зерттеудің ұйымдастырылуын жетілдіруге, неғұрлым нақты ақпараттарды жасауға, сарапшылардың жұмысын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралдарын енгізуге, болашақты зерттеу нәтижелері мен жүргізудегі сарапшылар қауымдастығы мен жалпы қоғамның мүдделілігі мен жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беретін тәсіл болып табылады.

Еуропа мен Америкада өз дамуын білім берудегі сараптамалық панельдердің әдісі біздің ойымызша, жүздеген адам үшін Форсайт процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді (даму перспективаларын жүйелі бағалау). Оның негізгі артықшылығы – барлық жұмыс процесі кезінде сарапшылардың қатысуы, түрлі ғылыми пәндер мен қызмет саласы өкілдерінің арасындағы өзара іс-қимыл болып табылады [8] (Топпер, 2007).

А. Чекмаревтің сараптамалық әдісі сараптамалық квалиметриядағы мәселелерді шешудің негізгі құралы болып табылады деп есептеді. Квалиметриялық міндеттерді шешудің сараптамалық әдісі сарапшы-мамандардың тәжірибесіне негізделген (Мұтанов, 2011). Дегенмен, мамандардың пайымдауларын талдаудың ғылыми әдістері ХХ ғасырдың басында ғана дамыды. Сарапшылардан алынған ақпаратты ұтымды пайдалану ақпаратты формализациялау жолымен ғана мүмкін. Сондай-ақ зерттелетін объектінің ерекшеліктеріне, деректердің сенімділігі мен толықтығына, шешім қабылдау деңгейіне де байланысты.

Нәтижелер және талқылау

Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеушілер Қазақстанның жоғары оқу орындарының көрсетілетін қызметтердің сапасын жүзеге асыруының негізгі мәселелері бойынша 12 сұрақтан тұратын сараптамалық сауалнама бланкісін жасады.

Сараптамалық сауалнаманы іріктеу барысы: білім беру саласындағы «сарапшылар» – адамдардың пропорционалды арнайы тобын камтиды: жоғары оқу орындарының басқару-әкімшілік персоналы, мемлекеттік қызметкерлер, әкімдіктердің басшылары, ЖОО-ның ПОҚ, ЖОО-ның Бақылау кеңестерінің мүшелерінен тұрады.

Іріктеудің географиялық нысандары ретінде Қазақстанның 4 жетекші ЖОО-ның сарапшылары мен өкілдері таңдалды, олар: Абай атындағы ҚазҰПУ – 10 сарапшы. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ – 10 сарапшы. Е.А. Букетов

атындағы ҚарМУ – 10 сарапшы. М. Әуезов атындағы ОҚМУ – 10 сарапшы.

Біз отандық аккредитациялау жүйесіне негізделген білім сапасын бағалаудың ұлттық моделін және өлшемдер мен әдіснамаларды институционалдандыру үдерістерімен жалпы сараптамалық қоғамдастық қанағаттанатыны туралы болжам жасадық.

Білім сапасы қашанда қажеттілік бойынша айқындалады, сондықтан да сапа мәселесі өзектілікті жоймайды.

Адам өз қажеттіліктерінен жоғары болып, ерік субъектісі ретінде әрекет ететін болса, «жауапкершілік» тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі болып есептелінетін болады. Мотивацияның мәні – өмір процесінде жеке тұлғаның негізгі қызметтерінен тұрады.

Қызмет мақсатын жүзеге асыруға дайындық кезеңі екі сатыға бөлінеді:

- Интеллект деп танылатын және субъектінің жеке құндылықтары негізінде жүзеге асырылатын таңдау;

- Еркін процесс деп танылған мотивация.

Еріктік мінез-құлық – тұлғаның өз белсенділігінің жеке құндылықтарынан бөлек, сонымен қатар объективті қажеттіліктерге бағындыру қабілеті болып табылады.

Іс-әрекет теориясында «кездесу элементі» мінез-құлықтың қалыптасуындағы ең маңызды сәттердің бірі ретінде қарастырылады. Заттық қажеттілік кездестіру – қоршаған әлемнен алынатын оның мазмұнымен толтыру қажеттілігін анықтаудың негізгі көзі. Зерттеушілер бұл қажеттілікті психологиялық деңгейге аударады.

«Мақсатты орнату деңгейі» – ескеру, яғни алдын ала тазалау негізінде міндеттерді шешу нәтижесінде туындайтын іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындық ретінде белгіленеді.

Орнықтыру туралы ілім бағалау кеңістігін оңтайлы ұйымдастыру шеңберінде тұлғаның мақсатқа сай белсенділігінің психологиялық тетіктер ретінде пайдаланудың заңдылығының негізінде пайда болды. Бұл, өз кезегінде, бізді жоғары оқу орнында білім беру сапасының бағалау кеңістігін құрудың маңызды шарты ретінде білім беру үдерісі субъектілерін орнатуды қарастыру қажеттілігі туралы қорытындыға алып келеді.

Бағалауды табысты жүзеге асырудың ішкі шарттарының қатарында бағалау қызметіне қатысуға әзірлікті бөліп көрсету қажет. Бұл категорияны ғылыми жарияланымдар негізінде қарастыру оның құрылымы мен мәнін анықтауды

қамтамасыз етті. Мысалы, Б.Г. Ананьев [9] белгілі бір еңбек пен қоғамдық өмір саласындағы жоғары өнімді қызметке қабілеттіліктің көрінісі ретінде дайындықты анықтайды (Ананьев, 2000).

К.К. Платонов [10], жеке тұлғаның кіші құрылымы туралы өзі ұсынған тұжырымдамаға сәйкес, дайындық құрылымында үш өзара байланысты тарапты бөліп көрсетеді: моральдық дайындық, психологиялық және кәсіби дайындық. Моральдық дайындықты анықтайтын қасиеттерді ғалым тұлғаның әлеуметтік негізделген жағына, психологиялық-психикалық процестердің жеке ерекшеліктерін біріктіретін жаққа, кәсіби – жеке тұлғаның тәжірибесіне жатқызады (Платонов, 1996).

Ендеше, зерттеу барысында жасалған теориялық талдаудың негізінде сапа мен жеке қажеттіліктерді анықтау қажет. Психологияда жеке тұлғаны сипаттайтын «уақытша дайындық» ұғымы бар. Ол нақты уақытта, нақты жағдайларда кәсіби қызметтің өнімділігін анықтайды. Психикалық жағдай ретінде дайындықтан басқа, бұл ұғым тұлғаның тұрақты сипаттамасы (оның сапасы) ретінде ажыратылады. М.И. Дьяченко және Л.А. Кандыбович [11] бұл ұғымды «ұзақ дайындық» кезінде пайда болады деп анықтайды. Аталмыш ұғымға келесілері жатады:

а) қызметтің, кәсіптің белгілі бір түріне оң көзқарас;

б) еңбек қызметінің, кәсіптің талаптарына сай мінез-құлқы, мотивтер;

в) қажетті білім, дағды, іскерліктер, тұрақты, кәсіби маңызды қабылдау процестері, көңіл-күй, ойлау қабілеті, эмоциялық көріністері. Әлбетте, ұзақ дайындық тұлғаның тұрақты сипаттамасы болып табылады.

Дайындық түсінігінің нақты айырмашылықтарына қарамастан, отандық психологияда адамның және жеке тұлғаның ерекше, ұзақ немесе қысқа мерзімді жағдайлары ажыратылады.

Дайындық мазмұны мен құрылымы – тек қана міндет, жағдай мен басқа да сыртқы факторлар ғана емес, сондай-ақ оны қалыптастыру фазалары мен кезеңдеріне негізделеді. Дайындық жағдайын жасауда, сақтауда және қалпына келтіруде жетекші рөл – жеке тұлғаның түрлі жақтарын қалыптастырады. Сол себепті де психикалық қызметтің басқа да сипаттамаларымен нақты байланысқан тыс дайындық жағдайлары өздерінің мазмұндарын жоғалтып отыр.

Психологтар күрделі динамикалық құрылымы бар жүйе ретінде «әзірлікті» сипаттайды, ол келесідей компоненттерден тұрады: мотива-

циялық (міндеттерді орындау үшін жауапкершілік, борыш сезімі); бағдарлы (қызметтің ерекшеліктері мен шарттары, оның жеке тұлғаға қойылатын талаптары туралы білім мен түсінік); операциялық (іс-әрекеттің тәсілдері мен қажетті білімдері, дағдылары, іскерлігі, талдау, синтездеу, салыстыру, қорыту процестері және т. б.); ерікті (өзін-өзі бақылау, іс-қимылдарды басқара білу); бағалау (өз даярлығын өзін-өзі бағалау және кәсіби міндеттерді шешу процесінің сәйкестігін оңтайлы түрде бағалау). Бұл компоненттердің жеткілікті дамуы мен айқындылығы және олардың біртұтас бірлігі жеке тұлғаның қызметке дайындығының, оның белсенділігінің, дербестігінің, қызмет процесіндегі шығармашылығының жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, олардың жеткіліксіз дамуы белгілі дайын еместігін, қызметке дайындықты қалыптастырудың аяқталмауын куәландырады.

Сонымен, психологиялық дайындықта белгілі бір үдерістер, қасиеттер мен жеке тұлғаның сапасы аса маңыздылыққа ие. Көп деңгейлі дайындық құрылымында зерттеушілердің неғұрлым маңызды, психологиялық шешуші, өзекті буыны – әрине мотивациялық дайындық болып табылады.

Білім беру субъектілерін (бірінші кезекте студенттер мен оқытушыларды) бағалау қызметіне қосу адамның әлеуметтік-психологиялық өмір сүруінің басты заңдылықтарының бірі болып табылады. Өзін-өзі тану арқасында адам өзін әлемге, практикалық іс-әрекетке және оның нәтижелеріне деген қарым-қатынасы арқылы таниды.

Өзін-өзі тану тек өзін-өзі бақылау ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі бағыттау, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту факторы болып табылады. Отандық психологиядағы өзін-өзі тану деп адамның өз білімін, адамгершілік келбетін және мүдделерін, идеалдар мен мінез-құлықтың уәждерін сезінуі, бағалауы, өзін-өзі сезінуші және бағалаушы ретінде түсініледі. Өзін-өзі тану бір жағынан адамның өзін-өзі тануы болғанымен, екінші жағынан эмоционалдық-құндылық қарым-қатынас тетіктері ретінде қарастырылады.

Аталған тетіктер танымдық іс-әрекет ретінде бағалау қызметінің мәніне сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау жағдайында білім сапасы, іскерлік, қарым-қатынас ерекшеліктері, даму болашағы бөлігінде өзін-өзі тану қамтамасыз етіледі. Өзін-өзі бағалау, сонымен қатар педагогикалық ұйымындағы бағалау қызметтері өзін-өзі реттеу

және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру үшін үлкен жағдай жасайды.

Бағалауға итермелеудің маңызды факторы өзіндік тұлғаға, оның жеке ерекшеліктеріне, мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі барлық көріністерге байланысты эмоционалдық уайымның ерекше түрі ретінде көрінетін өзін-өзі танудың аффектілік компоненті болып табылады. Бағалау үдерісіне қосылып, адам өзін-өзі тану мүмкіндіктерінің кеңеюіне байланысты өздігінен қарым-қатынасты түзетуге мүмкіндік алады [12] (Дьяченко, 1998).

Жобаланған бағалау жүйесінде басқарылатын сапа параметрлері баравтоматтандырылған бақылау жүргізудің технологиялық формаларының бірі тестілеу болып табылады [13] (Хопкинс, 2015). Оқыту тесттері дидактикалық процестің барлық кезеңдерінде қолданылды. Олардың көмегімен білімді, шеберлікті алдын ала, ағымдағы, тақырыптық және қорытынды бақылау, үлгерімді, оқу жетістіктерін есепке алу тиімді қамтамасыз етілді (үлгілік тест тапсырмалары Platonus оқу порталында орналастырылған). Зерттеу барысында ұлттық ЖОО-да қабылданған барлық стандарттардың барлық пәндер топтары бойынша вариативті тестілер банкі қалыптасты, бұл ЖОО-ның элеуметтік педагогикалық желісінде студенттер мен оқытушылардың жұмысын толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда сапа мәселесі маманның құзыреттіліктерімен айқындалып, бағаланады.

Зерттеу барысында студенттің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен көрсеткіштері бағалануға жатқызылды: сапа, қасиеттер және қабілеттер, құрылымдағы негізгі ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттілікті біріктіретін компонент ретінде қарастырылды. Индивидтің білімі мен қабілеті білік пен дағдыны қалыптастыру құралы ретінде әрекет етеді; дағдыға икемділік өршу процесінде құзыреттілік ретінде жеке тұлғаның қабілеттілігінің қалыптасуын және жүйелі өзара байланысын анықтайтын қызмет субъектісінің қабілеттері дамыды; кәсіби қызметте білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдану тәжірибесі кәсіби құзыреттілікті меңгеруді сипаттады [14, 15] (Лейбер & т.б., 2018; Мурси, 2017; Lim, 2018).

Цифрлық экономика жағдайында білім беруді жаңғырту контекстінде таңдау бойынша ЖОО-ның бейінді бағыты бойынша базалық курстарды онлайн-форматта іске асыру өзекті болып табылады. **Әдетте, мұндай мазмұн сараптамадан өтіп, жаңартылып, сапалы білім беру**

ортасын қалыптастырудың тұрақты процесін анықтайды.

Қазақстандық ЖОО-ларды сапаға мақсаттардың сәйкестігі тұрғысынан келу тән болып табылатын Болон үдерісіне интеграциялау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарынан **айқын тұжырымдалған міндеттің болуын**, ЖОО корпоративті болжамының болуын, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер жүйесі мен даму стратегиясының болуын талап етеді, онсыз басқару өзіндік жеке мақсат пен үлгімен ойын түріне айналады. Сапаны басқару жүйелері икемді болуы, тек тұтастай ЖОО емес, сондай-ақ **факультеттердің, мамандықтардың, жекелеген білім бағдарламаларының** қызмет сапасын бағалауға мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Мұндай «модульділік», біздің пікірімізше, ЖОО тұтастай мұндай бағалауға даяр емес болатын болса, оның жекелеген құрылымдық бөліктеріне сертификаттау немесе Аккредитациялау жүргізуге және сапаны басқару жүйелерін жетілдіруде алынған тәжірибені оның басқа бөлімшелерінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жалпы, сараптамалық қорытынды бойынша келесідей өзекті қорытындылар жасалды:

– Білім беру бағдарламаларының сапасы жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық сапасын анықтайды, осыған байланысты сарапшылар білім беру бағдарламаларының сапасын, сыртқы бағалаудың маңыздылығын атап өтті.

– Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында сапа мәдениетін дамыту деңгейі өзекті мәселе болып қала береді, өйткені білім беру сапасын дәлелдеу мәдениетін тиімді сапаны басқарумен ұштастыра отырып қарастырсақ, оның әлі де дамымағандығын байқаймыз.

– Сауалнама сарапшылары ЖОО-ның заманауи брендингі барлық жаңа ақпараттық технологиялар мен білім беру қызметтерінің бәсекелестік нарығында жоғары оқу орнын жылжытудың тиімді маркетингтік стратегияларын көрсетуі тиіс деп есептейді.

– ЖОО қызметін басқарудың негізгі педагогикалық принциптеріне сарапшылар білім беру процесінің жалпы мақсаттары мен мазмұнының арақатынасына – педагогикалық үдерістің тиімділігіне әсер ететін негізгі сыртқы және ішкі факторларды жатқызады.

– Сараптамалық қауымдастық және жұмыс берушілер бірлестігі білім беру қызметін бағалаудың барлық критерийлерін ғана емес,

сондай-ақ бітірушілердің дайындық сапасына тікелей әсер ететін жағдайлары да қызықтырады, атап айтқанда: оқу нәтижелерін құзыреттілік түрінде іске асыру; бітірушілердің қорытынды құзыреттерінің мәлімделген оқу мақсаттарына сәйкестігі; бітірушілердің сұранысқа ие болуы және соңғы 3 жыл ішінде жұмыс берушілердің олармен қанағаттану дәрежесі; бітірушілердің білім сапасын өз саласында үздік деп танылған басқа жоғары оқу орындары.

– Сарапшылар білім сапасын тексергенде кез келген топ студенттерін ала алады.

– Жоғары оқу орындарын коммерцияландыру өзіндік даму қарқынына ие, дегенмен, сауалнама сарапшыларының пікірінше, коммерцияландыру мәселесі жұмыс берушілермен және жоғары оқу орындарының бақылау кеңестерінің басқа да мүшелердің өзекті мәселесі болып қала береді.

Сонымен, біз сараптамалық талдау контекстінде Қазақстан Республикасының Білім беру қызметтерінің сапасын жетілдірудің негізгі

педагогикалық шарттарын анықтадық. Әзірге өзекті міндеттер келесідей:

– жоғары оқу орнының басқару құрылымдарының жаңа бағдарламаларға бейімделуі;

– білім беру қызметтерін жетілдіруде тұтынушылар және ЖОО серіктестерінің өзара байланыстығын нығайту;

– ЖОО қызметін қоғам, білім беру жүйесі және ЖОО-ға қызықты болған жағдайда ғана іске асыруға бағыттау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы нәтижелер мен ұсыныстардың республиканың жоғары оқу орындарында білім беру сапасын басқару жүйесіндегі бағалау қызметін жаңғыртуға ықпал етуінен тұрады. Ұсынылған тұжырымдардан келесідей қорытынды жасауға болады: жоғары оқу орнындағы кәсіптік білім беру процестерін сапа тұрғысынан зерттеу; жоғары оқу орнындағы кәсіптік білім беру процесінің сапасын арттыру бағытында қайта құру; кәсіптік білім беру субъектілерінің бағалау қызметтерін жетілдіру.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін қалыптастырудағы ролі. Студент топтарының кураторларына көмек ретінде. 1-жинақ / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтың редакциясымен. – 2-ші басылым. – Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің баспасы, 2015. – 111 б.
- 2 Желвис Р. Глобализация и развитие образования в постсоциалистических странах // Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. №4 (57). – 2018. – 11-17 бб.
- 3 Ынтымақов Т.Ж., Баимбетова Қ.Э. Скабаева Т.Н. Оқу үдерісінің тиімділігін арттырудағы оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың ролі//ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. 2017. № 1 (50). – 80-92 бб.
- 4 Бакшаева Н.А., Вербицкий А.А. Психология мотивации студентов. – М.: Издательство Юрайт, 2017. – 38-42 бб.
- 5 Білім саласындағы ұлттық саясатқа шолу: Қазақстандағы жоғары білім, 2017. http://iac.kz/sites/default/files/otchet_oedr_po_rk_2017_rus_s_gravkami.pdf
- 6 Тоимбаева Ж. С. Жалпы сапа менеджменті (TQM) принциптерін енгізу ШҚМТУ үлгісінде ЖОО қызметі. – 2010. <https://www.ektu.kz/files/ma/Toimbaeva6N0732.pdf>
- 7 Dalkey, N. C., & Helmer, O. (1963). An experimental application of the Delphi method to the use of experts. *Business Science*, 9 (3). – 459-464 бб.
- 8 Поппер Р. Әдіснама: жалпы практика және Форсайт құралдары, Georghiou, L. et al. Форсайт және ғылыми саясат бойынша халықаралық анықтамалық: теория және практика. Edward Elgar, 2007. – 9-116б.
- 9 Управление качеством в высшем учебном заведении / Г.М. Мутанов, А.К. Томилин, Ю.Е. Кукина и др. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2011. – 116.
- 10 Аняев Б. Г. Структура личности // Психология личности в трудах отечественных психологов. Хрестоматия. Составитель Куликов АВ. – СПб.: Питер, 2000. – 94-96 бб.
- 11 Платонов К.К., Адаскин Б.И. Об изменении и формировании личности. – М., 1996.
- 12 Дьяченко М.И., Кандилович Л.А. Қысқаша психологиялық сөздік: адам, білім, өзін-өзі тәрбиелеу мамандығы. – М: Halton, 1998. – 131-132 бб.
- 13 Хопкинс Д. Барлығынаарналған білім сапасын жақсарту: қызметкерлерді дамыту жөніндегі анықтамалық. – Routledge, 2015.
- 14 Лейбер, Т., Стенсакер, Б., Харви, Л. С. Жоғары оқу орындарының жақындасу теориясы: SWOT талдау // Еуропалық жоғары оқу журналы. – 2018. – 1-15 бб.
- 15 Мурси А., Сохарто Расч моделін қолдана отырып, жоғары оқу орындарының сапа кепілдігін енгізу // JETL (Білім, оқу және оқу журналы). – 2017. – т. 1 – №. 1. – 1-6 бб.
- 16 Lim D. Сапа кепілдігі. – Routledge, 2018. – 17-21 бб.

References

- 1 Ananiev, B.G. (2000) *Struktura lichnosti. Psikhologiya lichnosti v trudakh otechestvennykh psikhologov. Khrestomatiya. Sostavitel' Kulikov AV.* [Personality structure. Personal psychology in the works of Russian psychologists. Reader. Contains: Kulikov A.V.] St. Petersburg: Piter, 94-96. (in Russian)
- 2 Bakshaeva N. Ah., Verbitsky A.A. (2017). *Psikhologiya motivatsii studentov* [Psychology of motivation of students]. Moscow: Yurayt Publishing House, 38-42 (in Russian)
- 3 Bilim salasyndagy ultyk sayasatka sholu: Kazakstandagy jogary bilim (2017) [Review of National Policy in Education: Higher Education in Kazakhstan]. Retrieved from http://iac.kz/sites/default/files/otchet_oesr_po_rk_2017_rus_s_pravkami.pdf (in Kazakh)
- 4 Dalkey, N. C., & Helmer, O. (1963). An experimental application of the Delphi method. *Management Science*, 9 (3). – pp. 459-464
- 5 Dyachenko, M.I., Kandibovich, L.A. (1998) *Kyskasha psikhologiyalyk sozdyk: adam, bilim, ozin-ozu tarbieleu, maman-dygy* [Brief psychological dictionary: human, education, self-education, specialty]. Moscow, Halton. 131-132 (in Russian)
- 6 Hopkins, D. (2015). *Improving the quality of education for everyone: Human Resources Development Guide.* Routledge.
- 7 Intimakov T., Zh., Baimbetova K.E., Skabayeva T.N. (2017) *Oku uderisinin tiimdiligin arttyrudagy oky jetistikterin syr'ttai bagalaudyn roli.* [The Role of the External Assessment of Educational Achievements in Improving the Efficiency of Educational Process]. *KazUU Khabarshysy. «Pedagogikalyk gylymdar» seriyasy* [Journal of Educational Sciences]. 1 (50), 80-92 (in Kazakh)
- 8 *Kazakhstan Respublikasynyn Tungysh Prezidenti N.A. Nazarbaevtin memlekettik kurylystyn kazakstandyk modelin kalyptastyrudagy roli. Student toptarynyn kuratorlaryna komek retinde. 1-zhinak/KRUGA akademigi A.M. Gazalievtin redakciyasimen. – 2-shi basylym. – Karagandy: Karagandy memlekettik tekhnikalyk universitetinin baspasy* [General provisions First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev B. The Role of Nazarbayev in the formation of the Kazakh model of state construction. (2015) To help curators of student groups. Collection 1 / Edited by Gazaliev. – 2nd edition.- Karaganda: publishing house of Karaganda state technical University], 111 p. (in Kazakh)
- 9 Leber, T., Stenacher, B., Harvey, L. S. (2018). *Theory of Approximation of Higher Education Institutions: SWOT Analysis.* *European Higher Education Journal.* 1-15
- 10 Lim D. (2018). *Quality Assurance.* Routledge, 17-21
- 11 Mursi, A. (2017). *Introduction of quality assurance of higher education using the model Soeharto Rasch.* *JETL Education, Study and Study Journal.* 1, 1-6.
- 12 Mutanov, G. *Upravleniye kachestvom v vysshem uchebnom zavedenii* [Quality management in a higher educational institution]. *Ust'-Kamenogorsk, VKGTU.*
- 13 Platonov, K.K., Adaskin, B.I. (1996). *Ob izmenenii i formirovaniy lichnosti uchashchikhsya* [About Changing and Forming Student Identity]. Moscow, Nauka (in Russian)
- 14 Popper, R. (2007). *Adisnama: zhalpy praktika jane Forsait kuraldary, Georghiou, L.et al. Forsait jane gylymi sayasat boinysha khalkaralyk anyktamalyk: teoriya jane praktika Edward Elgar,* [Methodology: Common Foresight Practices &- Tools, in Georghiou, L. et al., *International Handbook on Foresight and Science Policy: Theory and Practice.* Edward Elgar], 9-11 (in Kazakh)
- 15 Toimbaeva, Zh. S. (2010) *Zhalpy sapa menedjmenty (TQM) principterin engizu EKSTU ulgisinde ZhOO kyzmeti.* [Implementation of the principles of total quality management (TQM) The university's activity on the example of EKSTU]. Retrieved from <https://www.ektu.kz/files/ma/Toimbaeva6N0732.pdf> (in Kazakh)
- 16 Želvys R. (2018) *Globalizaciya i razvitie obrazovaniya v postsocialisticheskikh stranakh* [Globalization and Development of Education in Post-socialist Countries]. *KazUU Khabarshysy. «Pedagogikalyk gylymdar» seriyasy* [Journal of Educational Sciences]. 4 (57). 11-17 (in Russian).